

Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі

**«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы»
Акционерлік қоғамы**

(«ОАЭК» АҚ)

Шығарылым	бірінші
Облигациялар түрі	қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
Шығарылым көлемі	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
Облигацияның атаулы құны	100 (жүз) теңге
Дана саны	100 000 000 (жүз миллион) дана
Шығарылым формасы	құжаттамасыз

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды

Алматы қаласы, 2013 жыл

1. облигациялардың осы шығарылымы «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» Акционерлік қоғамының бірінші облигациялық бағдарламасының Проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарлама Проспектісінің мемлекеттік тіркелген күні – бірінші облигациялық бағдарламаның шығарылым Проспектісі бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымының осы Проспектісімен бірге тіркеуге жіберіледі.

Шығарылым жүзеге асырылатын бірінші облигациялық бағдарламаның ақшалай көрсеткіштегі көлемі – 15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге;

Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – бірінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың 1 (бірінші) шығарылымы;

Осыған дейінгі облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (шығарылымның өкілеттік органда тіркелген күні, облигациялар саны, атаулы баға бойынша шығарылым көлемі және аталған облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны) – аталған облигациялық бағдарлама шегінде Эмитент бұрын облигациялар шығарылымын жүзеге асырмады;

Облигациялық бағдарлама шегінде бұрын шығарылған облигациялардың иелеріне беретін құқықтары, сондай-ақ, шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда жүзеге асырылған және иелерінің құқықтарының жүзеге асырылу тәртібін көрсетіп жасалған бағалы қағадардың сату-сатып алу келісімшарттарында көзделген құқықтар – аталған облигациялық бағдарлама шегінде Эмитент бұрын облигациялар шығарылымын жүзеге асырмады;

3. Шығарылым құрылымы:

1) облигациялар түрі - қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

2) шығарылатын облигациялар саны және облигация шығарылымының жалпы көлемі:

шығарылатын облигациялар саны – 100 000 000 (жүз миллион) дана;

облигациялар шығарылымының атаулы баға бойынша жалпы көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге.

3) бір облигацияның атаулы бағасы – 100 (жүз) теңге;

4) Төмендегілер көрсетілген облигациялар бойынша сыйақы:

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Облигация айналымының алғашқы үш жылындағы купондық сыйақының мөлшерлемесі – облигациялардың жылдық атаулы бағасының 6,00 %-ы (алты пайыз) айналымның төртінші жылынан бастап облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі – өзгермелі, инфляция деңгейіне байланысты болады, әр 6 ай сайын келесі формула бойынша анықталады:

$$r = i + m;$$

r – атаулы бағаның сыйақы мөлшерлемесінің көлемі;

i – кезекті купон кезеңінің басталуына дейінгі екі ай алдындағы соңғы 12 (он екі) ай ішінде ҚР Агенттігі жариялаған статистика бойынша тұтынушы бағалары индексінің (индекс мағынасы пайызбен көрсеткенде өткен жылдың сәйкес айында 100 % минус) өсуі/төмендеуі ретінде ретінде ескерілетін инфляция;

m - 1% (бір пайыз) көлемінде тіркелген маржа. Тұтынушы бағалары индексінің атауы, оны есептеудің алгоритмі және т.б. өзгерген жағдайда, купон сыйақысын есептеу кезінде ҚР Статистика бойынша Агенттігі бекіткен көрсеткіш баламасы қолданылады.

Жоғарғы шегінің мағынасы облигацияның жылдық атаулы бағасының $r_{max} = 8,00\%$ (сегіз пайыз) деңгейінде, ал төменгі шегінің мағынасы облигацияның жылдық атаулы бағасының $min = 4,50\%$ (төрт бүтін жүзден елу пайыз) деңгейінде бекітіледі.

Сыйақының жаңа мөлшерлемесі туралы ақпарат www.kase.kz мекенжайындағы «Қазақстан қор биржасы» АҚ веб-сайтында хабарлама орналастыру жолымен келесі купон кезеңі басталмастан 3 (үш) жұмыс күні бұрын ұстаушыларға мәлімделеді.

Сыйақы төлеу басталатын күн:

Купон сыйақысын төлеу күні болып облигациялар айналымының басталған күні есептеледі. Облигациялар айналымының басталған күні – облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне қосқан күн.

Сыйақының төлеу күні мен дүркінділігі:

Облигациялар бойынша купон сыйақысын төлеу уақыт базасының 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) есебімен жылына екі рет төленеді. Купон сыйақысын төлеу облигация айналымы басталған күннен бастап әр 6 (алты) ай сайын, өтеу мерзіміне дейін жыл сайын, төленеді.

Сыйақыны төлеу тәртібі мен шарттары:

Купон сыйақысын төлеу үшін облигациялар иелерінің реестрін тіркеу төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында жүргізіледі.

Сыйақы облигациялар бойынша сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (бағалы қағаздарды иелерінің реестрі жүйесін жүзеге асыратын тіркеуші көрсеткен облигация иелерінің орналасқан жерінің уақыты бойынша) сыйақы алуға құқығы бар тұлғаларға беріледі.

Купон сыйақысын төлеу төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде облигациялар иелерінің реестрінде көрсетілген облигация иелерінің реквизиттері бойынша банк шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылады.

Облигациялар иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда купон сыйақысын төлеу Қазақстан Республикасы аумағында банк шоты болған кезде, облигациялар иелерінің реестрінде көрсетілген облигация иелерінің реквизиттері бойынша банк шоттарына теңгемен аударылады. Облигациялар иесінен жазбаша түрде өтініш алған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен курс бойынша теңге сомасын өзге валютаға ауыстыру жүзеге асырылуы мүмкін. Теңге сомасын өзге валютаға ауыстыру облигациялар иесінің шотынан жүргізіледі.

Облигациялар бойынша купон сыйақысы облигациялардың атаулы бағасының және купон сыйақысының жылдық мөлшерлемесінің, 360-қа бөлінген (бір айда 30 күн есебімен) купон есептелімі кезеңіндегі иелік ету күндерінің санының туындысы ретінде есептеледі.

Сыйақы төлеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Сыйақы (купон) есептеу үшін 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы қолданылады.

Индекстелген облигациялардың шығарылымы кезіндегі есептесу тәртібі:

Облигациялар шығарылымы индекстелмеген.

Егер сыйақы тіркелмеген болса, оның көлемін анықтау тәртібі көрсетіледі:

Купондық төлемдер бойынша пайыздық мөлшерлемені анықтау тәртібі туралы ақпарат «облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі» (4-тармақша) тарауында көрсетілген.

5) Облигациялар айналымы және өтелуі туралы мәліметтер

Облигациялар айналымының басталған күні:

Облигациялар айналымы облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне қосқан күннен басталады.

Облигациялар айналымының мерзімі және оларды өтеудің шарттары:

Облигациялар айналымының мерзімі – айналым басталған күннен бастап 10 жыл.

Облигациялар облигация айналымының соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде облигация иелерінің ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен соңғы кезеңнің сыйақысын бірге төлеумен, теңгедегі атаулы баға бойынша айналым мерзімінің соңында өтеледі. Облигациялар иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда купон сыйақысын төлеу Қазақстан

Республикасы аумағында банк шоты болған кезде, облигациялар иелерінің реестрінде көрсетілген облигация иелерінің реквизиттері бойынша банк шоттарына теңгемен аударылады. Облигациялар иесінен жазбаша түрде өтініш алған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен курс бойынша теңге сомасын өзге валютаға ауыстыру жүзеге асырылуы мүмкін. Теңге сомасын өзге валютаға ауыстыру облигациялар иесінің шотынан жүргізіледі.

Соңғы кезеңдегі негізгі қарыз бен сыйақыны (купон) алуға төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына дейін облигациялар иелерінің реестрінде тіркелген тұлғалар құжылы.

Облигацияларды өтеу күні:

Облигациялар айналымының басталған күніне 10 жыл болған кезде.

Облигацияларды өтеу жүзеге асырылатын орын:

Облигацияларды өтеу кезінде олардың атаулы бағасын және соңғы кезеңге сыйақы төлеу Эмитенттің атқарушы органының орналасқан жері бойынша жүргізіледі: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Қарасай батыр көшесі, 89

Облигацияларды өтеу тәсілі

Ақшалай – облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу облигациялар иелері реестрінің деректеріне сәйкес облигациялар иелерінің банк шоттарына Эмитенттің Қазақстан теңгесімен ақша аудару жолымен жүзеге асырылады. Облигациялар иесі Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу Қазақстан Республикасы аумағында банк шоты болған кезде, теңгеде жүргізіледі. Облигациялар иесінен сәйкес сұраныс болған жағдайда теңгедегі сыйақы сомасын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бекіткен курс бойынша өзге валютаға ауыстыру жүзеге асырылуы мүмкін. Теңге сомасын өзге валютаға ауыстыру облигациялар иесінің шотынан жүргізіледі.

6) облигациялар бойынша қамсыздандыру

Облигациялар айналымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

7) облигациялар иелерінің өкілдері туралы мәліметтер

Облигациялар иелерінің өкілдері болып «Сентрас Секьюритиз» АҚ табылады, ол бағалы қағаздар нарығының кәсіби мүшесі және брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырудағы қаржы ұйымдарын және қаржы нарығын қадағалау және реттеу бойынша Қазақстан Республикасы Агенттігінің 22.09.2004 жылғы № 0401200886 лицензиясы негізінде қызмет атқарады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қазақстан қаржыгерлер Ассоциациясының мүшесі болып табылады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ орналасқан жері: Алматы қ., Манас көш., 32 А, тел. 8 (727) 259 88 77, факс 8 (727) 259 88 87.

Облигациялар иелерінің мүдделерін қорғау келісімшарты – 03.05.2013 ж. № 26-05.

8) тіркеуші туралы мәліметтер

Эмитенттің бағалы қағаздары иелерінің реестрін жүргізуді және сақтауды «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Алмалы ауд., Абылай хан даңғылы, 141
Тел. 8 (727) 272-69-40

Бағала қағаз иелерінің реестрінің жүйесін жүргізу келісімшарты – 2012 жылғы 16 қазандағы № 00211-АҚ.

9) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері, сәйкес келісімшарттардың жасалған күні мен нөмірі);

Облигацияларды орналастыруға Андеррайтер араластырылмады.

Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне қосу және сол тізімде орналасуы туралы кеңес беру қызметтерін «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның және Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясының мүшесі болып табылатын қаржы кеңес берушісі «Сентрас Секьюритиз» Акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ орналасқан жері: Алматы қ., Манас көш., 32 А, тел. (+727) 259 88 77, факс (+727) 259 88 87.

Қаржы қызметтерін көрсету келісімшарты – 02.05.2013 жылғы № 01/05/2013 / 26-00.

10) төлем агенті туралы мәліметтер

Төлем агенті қарастырылмаған. Облигацияларды өтеу кезіндегі купон сыйақысын және облигацияның атаулы бағасын төлеуді Эмитент өз бетімен жүзеге асырады.

11) облигация иелерінің құқықтары:

Облигация иелері мынандай құқықтарға ие:

- осы Проспекттің 3-т., 5-тармақшасында қарастырылған мерзімде облигациялардың атаулы бағасын алуға;
- осы Проспекттің 3-т., 5-тармақшасында қарастырылған мерзімде сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте ақпарат алуға;
- өзіне тиесілі облигацияларды ерікті түрде иелігінен шығару және өзге де жолдармен басқаруға;
- белгілі баптарда айтылған жағдайлар кезінде орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеуді талап етуге: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 маусымдағы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 18-4-баптары;
- осы Проспекттің 3.2.-тармағында көрсетілген «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы кеңес берген ковенант бұзылған жағдайда орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеуді талап етуге;
- облигацияларды өтеу кезінде Эмитенттің кінәсінен купон сыйақысы және/немесе облигациялардың атаулы бағасы мүлде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитенттен облигациялар бойынша негізгі қарыз бен есептелген сыйақыны, сондай-ақ, қаражат міндетін немесе оның сәйкес бөлігін орындау күніндегі (яғни, төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесімен есептелетін, міндеттерді орындауды кешіктірген әр күн үшін өсімпұл талап етуге;
- облигацияға ие болу құқығынан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

Облигация иелерінің талаптары бойынша облигациялардың ұзақ мерзімді өтелуі қарастырылмаған.

Осы Проспектте қарастырылған жағдайлар орын алған кезде, соның ішінде, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы кеңес берген ковенант бұзылған жағдайда облигация иелері Эмитенттен есептелген сыйақыны есепке алғандағы облигациялардың сәйкес атаулы бағасының құны бойынша облигациялардың өтеуін төлеуді талап етуге құқылы. Облигациялардың өтеуін төлеу осы Проспекттің 3-2-тармағында көрсетілген мерзімде облигация иелеріне ақшалай қаражат аудару жолымен жүзеге асады.

11-1) Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар көрсетіледі

Облигациялар бойынша дефолт – облигацияларды өтеу кезіндегі купон сыйақысын және/немесе облигацияның атаулы бағасын және сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеудің осы Проспектпен бекітілген мерзімі аяқталған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купон сыйақысын мүлде төлемеу немесе толық төлемеу. Көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін Эмитент өз міндеттерін орындамаған жағдайда облигация иелерінің барлық құқықтары мен олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Облигацияларды өтеу кезінде Эмитенттің кінәсінен купон сыйақысы және/немесе облигациялардың атаулы бағасы мүлде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент қаражат міндетін немесе оның сәйкес бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесімен есептелетін, міндеттерді орындауды кешіктірген әр күн үшін өсімпұл төлеуге міндетті.

Осы Проспект бойынша бекітілген өз міндеттерін бой бермейтін күш салдарынан атқармаған жағдайда Эмитент міндеттерін толық немесе жартылай атқармау жауапкершілігінен босатылады. Бой бермейтін күш жағдайлары деп орын алуын болжай немесе көре алмайтын жағдайлар

(стихиялық құбылыстар, әскери әрекеттер және т.б.) танылады. Бой бермейтін күш жағдайы орын алған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттерін орындау мерзімі сол жағдай мен оның салдарлары аяқталғанға дейін жылжытылады.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған кезде қолданылатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда облигациялар иелерінің құқықтарын қорғау рәсімі, соның ішінде, міндеттерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:

Облигациялар бойынша дефолт орын алған кезде Эмитент төлем қабілетін қалпына келтіруге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзгелерді де қоса алғанда, облигациялар бойынша қарыздарды өтеуге бағытталған шаралар қабылдайды, мысалы:

- 1) әкімшілік шығындарды азайту, соның ішінде, қызметкерлердің штаттық санын қысқарту жолымен;
- 2) қолында бар активтерді сату;
- 3) ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында несие берушілермен келіссөздер жүргізу;
- 4) Эмитенттің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті көлемде өз капиталын көбейту мақсатында акционерлеріне жүгінуі;
- 5) облигация иелерімен есептесу үшін қосымша қаржы жұмылдыру;
- 6) қайта құрылымдау жоспарына сәйкес және несие берушілермен келісу бойынша міндеттерді қайта құрылымдау.

Эмитенттің орындалмаған міндеттер көлемін, міндеттердің орындалмау себебін, сондай-ақ, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін болатын әрекеттерін, облигациялар бойынша міндеттерді Эмитент дұрыс атқармаған немесе мүлде атқармаған жағдайда Эмитент міндеттері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғаларға, Эмитентке талаптарымен жүгіну тәртібін қамтитын дефолт фактілері туралы облигациялар иелеріне жеткізетін ақпаратының жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент облигацияларды өтеу кезінде атаулы бағасы және/немесе купон сыйақысын төлеу үшін осы Проспектте бекітілген мерзімнің аяқталуына дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қаржы есептілігі депозитариясының www.dfo.kz ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында хабарландырулар жариялау жолымен міндеттерді осы Проспектте көрсетілген шарттар бойынша орындау мүмкін еместігі туралы облигациялар иелерін хабардар етуге міндетті, сондай-ақ, хабардар ету үшін келесі ақпаратты қамтитын сәйкес хабарламаны Эмитент сайтында жариялайды:

- 1.1) дефолт күніне дейін Эмитенттің орындамаған міндеттерінің көлемі туралы;
- 1.2) міндеттерді орындамау себептері туралы;
- 1.3) талаппен Эмитентке жүгіну мерзімдері мен тәртібін қоса көрсетумен өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін әрекеттері туралы;
- 1.4) Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге ақпаратты.

Ақпаратты ашып көрсетуді Эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырған кезде сол тұлғаның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері көрсетіледі.

Көрсетілген ақпаратты ашып көрсетуді Эмитент өзге заңды тұлғаға тапсырмайды.

Эмитент міндеттері бойынша ортақ немесе жәрдем қаражат жауапкершілігіне ие тұлғаларға, Эмитентке талаптармен жүгіну тәртібі

Ортақ және жәрдем жауапкершілігіне ие тұлғалар жоқ. Облигацияларды орналастыру арқылы ақшалай қаражатты жұмылдырумен байланысты міндеттеріне Эмитент өзі жауап береді.

Облигациялар бойынша Эмитент міндеттерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда өз қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін болатын әрекеттері.

Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда облигация иелерінің талаптары осы Проспектпен және Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамасымен анықталған тәртіпте және шарттарда жүзеге асады.

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (Эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімімен осындай құқық қарастырылған жағдайда).

Эмитенттің осы облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған;

12-1) ақпараттың ашылып көрсетілу тәсілі мен мерзімдерін, тәртібін, ақпараттың мазмұнын көрсету арқылы Эмитенттің облигация иелерін өз қызметі мен қаржы жағдайы туралы, соның ішінде облигациялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған шектеулердің (ковенант) бұзылуы туралы ақпараттандыру тәртібі:

Эмитенттің қызметі мен қаржы жағдайы туралы, соның ішінде, ағымдағы қызметі, облигация иелерінің мүдделеріне қатысты маңызды оқиғалар туралы ақпарат және қаржы есептілігі Қазақстан Республикасы заңнамасымен және мемлекеттік емес эмиссионды бағалы қағаздар листингісі туралы келісімшарттармен бекітілген мерзімде және тәртіпте «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында және Эмитенттің www.caepco.kz сайтында жарияланады.

Сондай-ақ, қаржы есептілігі депозитариясы www.dfo.kz ресми сайтында да жарияланады.

13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны қолдану туралы мәліметтер:

Эмитент облигацияларды орналастыру кезінде түскен ақшалай қаражатты айналым қаражатын толықтыруға бағыттауды жоспарлап отыр.

Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны жоспар бойынша бөлудің мақсаттары өзгерген жағдайда Эмитент облигациялар шығарылымының осы проспектке өзгертулер мен толықтырулар енгізеді.

3-1. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі аралығында негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақылар төлеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражатының қайнаркөзі мен ағыны туралы болжам:

Эмитент негізгі қарыз сомасын өтеу және купон сыйақысын төлеу үшін ақшалай қаражат ағынын негізгі қызметтен келеді деп болжап отыр.

**Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақы төлеудің әр кезеңі аралығында негізгі қарыз сомасын өтеу және сыйақылар төлеу үшін қажетті
Эмитенттің ақшалай қаражатының қайнаркөздері мен ағындары туралы болжам (мың теңге)**

Бап	013 ж. 2-жартыжылдық	014 ж. 1-жартыжылдық	014 ж. 2-жартыжылдық	015 ж. 1-жартыжылдық	015 ж. 2-жартыжылдық	016 ж. 1-жартыжылдық	016 ж. 2-жартыжылдық	017 ж. 1-жартыжылдық	017 ж. 2-жартыжылдық	018 ж. 1-жартыжылдық	018 ж. 2-жартыжылдық	019 ж. 1-жартыжылдық	019 ж. 2-жартыжылдық	020 ж. 1-жартыжылдық	020 ж. 2-жартыжылдық	021 ж. 1-жартыжылдық	021 ж. 2-жартыжылдық	022 ж. 1-жартыжылдық	022 ж. 2-жартыжылдық	023 ж. 1-жартыжылдық	023 ж. 2-жартыжылдық	
Операциялық қызмет																						
Қаражаттың түсуі, барлығы	1130444	816965	5636813	2148233	9149501	2732317	9955862	3424894	1065062	5576449	4692698	7262707	7167661	8048313	8354469	7840952	8025802	8506687	9089833	9349501	0456524	
өнімді сатудан	1939425	0347113	6202448	2418132	9445438	2797807	0039967	3537025	1197502	6176771	5331055	7550457	7482097	8254176	8584045	8039333	8247625	8745784	9353849	9677227	0812387	
жұмыс капиталындағы өзгерістер	1256216	977381	1012868	717133	743171	512723	531339	559365	579674	1047556	1085591	734984	761670	653097	676810	645616	669057	686330	711250	774961	803098	
Өзгелер (қызметтің өзге түрлерінен түсімдер)	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	47234	
Жойылған қаражат, барлығы	2477321	2735864	2739166	3446119	3450194	3564585	3468789	3363900	3367994	3775698	3780240	3960584	3965327	3832465	3837069	3655180	3659591	3673689	3678120	3695144	3705181	
Қаржыландыруға жойылған қаражат																						
КТС-ты жабуға жойылған қаражат	790392	1125354	1126578	2050668	2052899	2022974	2025174	2157694	2160041	2799344	2802389	3097740	3101110	3199609	3203089	3121155	3124550	3224214	3227722	3332967	3336592	
Өзге де шығындар	363567	191316	191524	191316	191524	191316	191316	191316	191524	191316	191524	191316	191524	191316	191524	191316	191524	191316	191524	191316	191524	
Қарыздар бойынша %	1323362	1419195	1421065	1204135	1205771	1350295	1252091	1014890	1016429	785038	786327	671528	672694	441541	442456	342709	343517	258159	258875	170862	177066	
Операциялар бойынша қорытынды	653123	081101	2897647	702114	5699308	167733	6487073	0060994	7697068	1800751	0912459	3302123	3202334	4215848	4517400	4185772	4366212	4832998	5411713	5654356	6751342	
Инвестициялық қызмет																						
Инвестициялаудан қалған жылыстау																						
НҚ инвестициялары (ЖК, акцияларды сатып алу)	2250000																					
Капиталды шығындар	10216394	11442420	13985180	11932812	14584548	9307800	11376200	7998300	9775700	10003050	12225950	9936000	12144000	8514000	10406000	-10350000	12650000	10350000	12650000	10350000	12650000	
Актив сатуынан түсімдер																						
Инвестиция бойынша қорытынды	12466394	11442420	13985180	11932812	14584548	9307800	11376200	7998300	9775700	10003050	12225950	9936000	12144000	8514000	10406000	-10350000	12650000	10350000	12650000	10350000	12650000	
Қаржы қызметі																						
Қаржыландырудан түсімдер	9505084	826000	826000	906500	906500	17000	17000															
Төмендегі қарыздар алу: банктік қарыздар	505084	826000	826000	906500	906500	17000	17000															
облигациялық қарыз	0000000																					
өзге де қайнаркөздері																						
Қаржыландырудың жылдыстау	6059177	5099664	5099664	3253785	3253785	3128086	3228086	2311085	10212705	1988071	1988071	1988071	1988071	1988071	8050161	1634500	1634500	1634500	1634500	1634500	11234500	
Дивидендтер төлеу	1995752																					
Банк қарыздарын өтеу	3763426	4799664	4799664	2953785	2953785	2828086	2828086	1911085	1911085	1588071	1588071	1588071	1588071	1588071	1588071	1234500	1234500	1234500	1234500	1234500	1234500	
Алғашқы үш жылғы 6%, әрі қарай 8% пайыз мөлшерлемесі бойынша облигациялық қарыздар пайыздарды өтеу	300000	300000	300000	300000	300000	300000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	400000	
Облигацияларды өтеу								7901620							6062090						10000000	
Өзге де қайнаркөздері																						
Қаржыландыру қорытындысы	3445906	273664	273664	347285	347285	2311086	2411086	2311085	10212705	1988071	1988071	1988071	1988071	1988071	8050161	1634500	1634500	1634500	1634500	1634500	11234500	
Қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қаражатының көбеюінің/азайуының қорытындысы	632635	4634983	1361197	3577983	67474	2451153	699787	248391	2291337	190370	698437	378051	070263	713776	061239	201272	0081712	848498	1127213	669856	866842	
Басындағы акция	835196	1467831	832848	471651	893668	661143	09989	909776	661386	70049	79678	878116	256167	7326430	1040206	7101445	9302717	9384428	2232927	3360139	7029995	
Соңындағы акция	1467831	832848	471651	893668	661143	09989	909776	661386	70049	79678	878116	256167	7326430	1040206	7101445	9302717	9384428	2232927	3360139	7029995	9896838	

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер олар Эмитент органының облигациялар шығарылымы туралы шешімімен қарастырылған болса):

Облигациялардың осы шығарылымында төмендегідей шектеулер қабылданады:

- 1) иеліктен шығару күнінде Эмитент активтерінің құрамына енетін, Эмитент активтерінің жалпы бағасының жиырма бес пайызынан астам сомаға тең мүлікті иеліктен шығармау;
- 2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күнінде Эмитент активтерінің жалпы бағасының он пайызынан астам Эмитент облигацияларының шығарылымымен байланысты емес міндеттердің орындалмау фактілеріне жол бермеу;
- 3) Эмитент қызметінің негізгі түрлерінің өзгеруін қарастыратын Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеу;
- 4) ұйымдастырушылық-құқықтық форманы өзгертпеу.

Эмитент осы тармақта қарастырылған шарттарды бұзған жағдайда облигациялар иелерінің талабы бойынша Эмитент есептелген сыйақыны есепке ала отырып, облигацияларды атаулы бағаға сәйкес күнге 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сатып алуы керек.

Эмитент Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығы туралы Заңының 18-4-баптарында қарастырылған шарттарды орындамаған және шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда өтеуді төлеу рәсімі облигациялар иелерінің арыздары негізінде ғана жүргізіледі. Өтеуді төлеуге арыз жазбаған облигация иелері өздеріне тиесілі облигацияларды осы проспекте көрсетілген, шығарылым айналымының мерзімі аяқталған соң өтей алады.

Облигацияларды ұстаушы шектеулер (ковенант) бұзылған және жоғарыда қарастырылған өзге де жағдайлардан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигациялар ұстаушының деректемелерін көрсету арқылы (заңды және іс жүзіндегі мекенжайы, телефоны, электронды мекенжайлары, банк деректемелері, СТН, жеке тұлға үшін жеке куәлігінің деректері) ерікті формада арыз береді.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы кеңес берген ковенанттар

- 1) Қаржы есептілігін ұсынудың облигациялар Эмитенті және биржа арасында жасалған листингілік келісімшартпен бекітілген аралық мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- 2) Жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсынудың облигациялар Эмитенті және биржа арасында жасалған листингілік келісімшартпен бекітілген мерзімінің бұзылуына жол бермеу.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы кеңес берген ковенанттардың 1)-2) тармақшаларында қарастырылған шарттарды Эмитент бұзған жағдайда үш жұмыс күні ішінде өзінің ресми сайтында (www.caepco.kz) ковенант көрсетілгендердің бұзылғандығы туралы хабарлама жариялауы тиіс. Осы хабарлама жарияланғаннан кейін үш ай ішінде Эмитент ковенант көрсетілген бұзушылықтарды жоймаған жағдайда облигациялар иесі есептелген сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың атаулы бағасына сәйкес күн бойынша хабарлама жарияланған күннен кейін үш ай өткен соң 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигациялардың өтеуін төлеуді талап ете алады.

4. Опциондар туралы ақпарат:

Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.

5. Айырбасталымды облигациялар:

Шығарылым айырбасталымды болып табылмайды.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

Облигациялар саудаласуды ұйымдастырушылардың ережелеріне сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында аукцион және/немесе жазылым жолымен облигациялар айналымының барлық мерзімінде орналастырылады.

2) жазылым жолымен акцияларға айырбасталымды облигацияларды орналастыру кезінде айырбастау шарттары көрсетіледі:

Шығарылым айырбасталымды болып табылмайды.

3) облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:

Облигациялар қолма-қол емес формадағы ақшалай қаражатпен төленеді.

Облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына орналастыру кезінде облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі, есептесу тәсілдері саудаласуды ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

